

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 27 қазан N 1087

"Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін акцизделетін тауарларға арналған акциз ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 маусымдағы N 608 P980608_ қаулысының 4-тармағын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 20, 176-күжат) орындау үшін Қазақстан Республикасының

Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдері қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес күші жойылған деп танылсын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 27 қазандағы
N 1087 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
күші жойылған кейбір шешімдерінің
ТІЗБЕСІ

1. "Қазақстан Республикасында өндірілетін акцизделетін тауарларға және құмар ойын бизнесіне арналған акциз ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1747 P961747_ қаулысының 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 53, 516-күжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 10 қаңтардағы N 41 қаулысы.

3. "Акцизделетін тауарлардың импортына арналған акциз ставкалары және жеке адамдардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы акциздер салуға жатпайтын акцизделетін тауарларды алып өту нормалар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 мамырдағы N 907 P970907_ қаулысының 1, 2, 3-тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 23, 209-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 қарашадағы N 1389 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 маусымдағы N 960 P970960_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 26, 236-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1747 және 1997 жылғы 30 мамырдағы N 907 қаулыларына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы 1997 жылғы 18 маусымдағы N 985 p970985_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 28, 247-құжат).

6. "Қазақстан Республикасында фармацевтика өнімдері өндірісін дамытуды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 18 шілдедегі N 1137 қаулысының P971137_ 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 33, 302-құжат).

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1747 және 1997 жылғы 30 мамырдағы N 907 қаулыларына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 қарашадағы N 1644 P971644_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 51, 471-құжат).

8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1747 және 1997 жылғы 30 мамырдағы N 907 қаулыларына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 13 ақпандағы N 108 P980108_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 4, 29-құжат).